

"Кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандары мен ұсыну кезеңділігін, сондай-ақ аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпарат нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 қаңтарда № 31706 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандары мен ұсыну кезеңділігін, сондай-ақ аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпарат нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14818 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіби аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымдар қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы "www.dfo.kz" арқылы есептілікті электрондық форматта ұсынады.

Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда кәсіби аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымдар уәкілетті органға авторизациядан өткен сәттен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып қате пайда болған сәтке дейін қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып хабарлайды.";

көрсетілген бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7 қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
- Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
Және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
1-қосымша

Кәсіби аудиторлық және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесі мен ұсыну кезеңділігі

Р/с №	Есептің атауы	Ұсыну мерзімі
1	2	3
Кәсіби аудиторлық ұйымдар		
1	Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (үдемелі қорытындымен)	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда)
2	Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын қамтамасыз етуі және сертификаттар беруі туралы жыл сайынғы есеп	есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда)
3	Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп	
4	Кәсіби аудиторлық ұйымның кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда)

	ұйымдарға сыртқы сапаға бақылау жүргізген туралы тоқсан сайынғы есеп	
Аудиторлық ұйымдар		
5	Аудиторлық ұйым қызметтерінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есеп	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда)
6	Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есеп	есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда)
7	Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпарат	азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
2-қосымша
Әкімшілік деректер
жинауға арналған нысан

Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (үдемелі жиынтықпен)

Индекс: Нысан № 1-А(Аудит)

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі туралы

Кезеңі: Жартыжылдық

Тапсыру мерзімі: Жартыжылдық есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күні (қоса алғанда)

Жыл _____

Жарты жыл _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның атауы _____

Заңды мекенжайы, телефон нөмірі _____

Ұйымның басшысы

Ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі	
Ұйым басшысының Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Лауазымы	
"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі	
"Аудитор" біліктілік куәлігі берілген күн	

Аудиторлар саны жөніндегі мәлімет

р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Аудитордың жеке (сәйкестендіру нөмірі)	Аудитор жұмыс істейтін, аудиторлық ұйымның атауы	Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Мекенжайы, телефоны		"Аудитор" біліктілік куәлігін беру нөмірі	"Аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні	"Аудитор" біліктілік куәлігін берген ұйым	Кәсіби аудиторлық ұйымға кірген күні	Кәсіби аудиторлық ұйымнан шыққан күні
					өңір	толық мекенжайы, телефоны					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Аудиторлық ұйымдар саны жөніндегі мәлімет

р/с №	Аудиторлық ұйымның атауы	Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Занды мекенжайы, телефоны		Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның сериясы (бар болғанда)	Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі	Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның берілген күні	Кәсіби аудиторлық ұйымға кірген күні	Кәсіби аудиторлық ұйымнан шыққан күні
			өңір	толық мекенжайы, телефоны					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кәсіби аудиторлық ұйымның құрылымы

р/с №	Кәсіби аудиторлық ұйым бөлімшесінің атауы	Бөлімше жетекшісінің жеке сәйкестендіру нөмірі	Бөлімше жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Лауазым атауы	Жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігін беру нөмірі	Жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Байланыс телефоны	Аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі	Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі	"Аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні	Аудит саласындағы жұмыс тәжірибесі
8	9	10	11	12	13

Кәсіби аудиторлық ұйым жетекшісі _____

_____ Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (үдемелі жиынтықпен)

1. "Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (үдемелі жиынтықпен)" нысаны Қазақстан Республикасының "Аудиторлық қызмет туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Кәсіби аудиторлық ұйымның қызметі туралы жартыжылдық есеп (үдемелі жиынтықпен)" нысаны кәсіби аудиторлық ұйымдармен есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күні (қоса алғанда) ұсынылады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"Ұйымның басшысы" кесте үшін:

"Ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі" жолында кәсіби аудиторлық ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" жолында кәсіби аудиторлық ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Лауазымы" жолында басшы лауазымының атауы көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі" жолында басшының "аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні" жолында басшының "аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні көрсетіледі;

"Аудиторлар саны жөніндегі мәлімет" кесте үшін:

"№" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 2-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның мүшесі болып табылатын аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Жеке сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Аудитор жұмыс істейтін аудиторлық ұйымның атауы" 4-бағанда аудитор жұмыс істейтін аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 5-бағанда аудитор жұмыс істейтін аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Өңір" 6-бағанда аудитордың орналасқан өңірі көрсетіледі;

"Толық мекенжайы, телефоны" 7-бағанда аудитордың толық мекенжайы, телефоны көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі" 8-бағанда аудитордың біліктілік куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні" 9-бағанда аудитордың біліктілік куәлігінің берілген күні көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігін берген ұйым" 10-бағанда "аудитор" біліктілік куәлігін берген ұйым көрсетіледі;

"Кәсіби аудиторлық ұйымға кіру күні" 11-бағанда аудитордың кәсіби аудиторлық ұйымға кіру күні көрсетіледі;

"Кәсіби аудиторлық ұйымнан шыққан күні" 12-бағанда шыққан жағдайда кәсіби аудиторлық ұйымнан кәсіби аудиторлық ұйымнан шығу күні көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымдар саны жөніндегі мәлімет" кестесі үшін:

1-бағанда "№" реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Аудиторлық ұйымның атауы" 2-бағанда аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі көрсетіледі;

"Өңір" 4-бағанда заңды тұлғаның орналасқан өңірі көрсетіледі;

"Толық мекен-жайы, телефон" 5-бағанда аудиторлық ұйымның толық мекенжайы, телефон көрсетіледі;

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның сериясы (бар болғанда)" 6-бағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыру лицензияның сериясы (бар болғанда) көрсетіледі;

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның нөмірі" 7-бағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның нөмірі көрсетіледі;

"Аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның берілген күні" 8-бағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның берілген күні көрсетіледі;

"Кәсіби аудиторлық ұйымға кірген күні" 9-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымға кірген күні көрсетіледі;

"Кәсіби аудиторлық ұйымнан шыққан күні" 10-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымнан шыққан күні көрсетіледі;

"Кәсіби аудиторлық ұйымның құрылымы" кесте үшін:

1-бағанда "№" реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Кәсіби аудиторлық ұйым бөлімшесінің атауы" 2-бағанда кәсіби аудиторлық ұйым бөлімшесінің атауы көрсетіледі.

"Бөлімше жетекшісінің жеке сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда бөлімше жетекшісінің жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Бөлімше жетекшісінің тегі, аты, акесінің аты (бар болса)" 4-бағанда бөлімше басшысының тегі, аты, акесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Лауазым атауы" 5-бағанда бөлімше басшысының лауазым атауы көрсетіледі.

"Жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігін беру нөмірі" 6-бағанда жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігін беру нөмірі көрсетіледі;

"Жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні" 7-бағанда Жетекшісінің "аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні көрсетіледі;

"Байланыс телефоны" 8-бағанда кәсіби аудиторлық ұйым бөлімшесінің байланыс телефоны көрсетіледі;

"Аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі" 9-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның бөлімшесінде жұмыс істейтін аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 10-бағанда аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі" 11-бағанда аудитордың біліктілік куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігі берілген күні" 12-бағанда біліктілік куәлігінің берілген күні көрсетіледі;

"Аудит саласындағы жұмыс тәжірибесі" 13-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның бөлімшесінде жұмыс істейтін аудитордың, аудит саласындағы жұмыс тәжірибесі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
3-қосымша
Әкімшілік деректер
жинауға арналған нысан

Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы жыл сайынғы есеп Есепті кезең 20__ жылғы

Индекс: №2-А (Аудит) нысан

Кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Кәсіби аудиторлық ұйымдар аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы

Кезеңділігі: Жылдық

Ұсыну мерзімі: Есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда)

р/с №	Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын жүргізу кезеңі	Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын жүргізу нысаны	Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын жүргізу орны	Тақырып атауы	Сағат саны	Курсты өту жөнінде сертификат алған аудиторлардың саны	Біліктілігін арттыру курсынан өткен аудиторлар	
							Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кәсіби аудиторлық ұйымның бизнес – сәйкестендіру нөмірі _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның атауы _____

Кәсіби аудиторлық ұйым жетекшісі _____

Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы жыл сайынғы есеп нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы жыл сайынғы есеп

1. "Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы жыл сайынғы есеп" нысаны "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз етуі туралы жыл сайынғы есеп" нысаны аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді және сертификаттар беруді қамтамасыз ететін кәсіби аудиторлық ұйымдармен есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда) ұсынылады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын жүргізетін кезеңі" 2-бағанда аудиторлардың біліктілігін арттыруын жүргізетін кезеңі көрсетіледі;

"Аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарын жүргізу нысаны" 3-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуді қамтамасыз етуі нысаны көрсетіледі;

"Аудиторлардың біліктілігін арттыруы курстарын жүргізу орны" 4-бағанда аудиторлардың біліктілігін арттыруы курстарының жүргізу орны көрсетіледі: облыс, қала, көше, үй нөмірі;

"Тақырып атауы" 5-бағанда аудиторлардың біліктілігін арттыруын жүргізген тақырып атауы көрсетіледі;

"Сағат саны" 6-бағанда аудиторлардың біліктілігін арттыру курстарының жүргізу сағат саны көрсетіледі;

"Курсты өту жөнінде сертификат алған аудиторлардың саны" 7-бағанда курсты өту жөнінде сертификат алған аудиторлардың саны көрсетіледі;

"Жеке сәйкестендіру нөмірі" 8-бағанда біліктілігін арттырудан өткен аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 9-бағанда біліктілігін арттырудан өткен аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
4-қосымша
Әкімшілік деректер
жинауға арналған нысан

Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп Есепті кезең 20 ____ жылғы _____ тоқсан

Индекс: № 3-А (Аудит) нысан Кімге ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы кәсіби аудиторлық ұйымдар

Кезеңділігі: Тоқсандық

Ұсыну мерзімі: Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда)

ұйымдарының міндетті аудиті бойынша								
				Сыртқы сапаны				

№ р\с	Аудиторлық ұйымның атауы	Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Аудиторлық ұйым құрамындағы аудиторлар саны	бақылаудың нәтижесі бойынша қорытындының нөмірі және берілген күні, бағаны көрсете отырып	Соңғы жылдар ішінде әкімшілік өндіріп алулар	Аудиторлық ұйымның азаматтық -құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің нөмірі	Бір ұйыммен аудитті жүзеге асырылған жағдайда ротациялау (иә/жоқ)	Өткізілген міндетті аудиттердің саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, "Аудиторлық қызмет туралы" Заңның (бұдан әрі – Заң) 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аудиті бойынша (бар болса)			
Аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі (кемінде 5 жыл)	Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес аудит жүргізілген ұйымдардың саны (кемінде 10)	Кәсіби бухгалтер сертификаты бар мамандардың саны (кемінде 2)	Есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша (міндетті жүргізілген аудит саны)
10	11	12	13

кестенің жалғасы

қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудиті бойынша (бар болса)			
бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial	бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), "Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial	Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымы алдында өтелмеген қарызы болмауы	Есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша
		Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымының алдында банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит шарты бойынша берешегі жоқ аудитор және (

Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар топтың басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" біліктігі бар (кемінде 2 (екі) мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		немесе) топ басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	міндетті жүргізілген аудит саны
14	15	16	17	18

Ескертпе: 10, 11, 12 және 13 бағандары – ұлттық компанияларда, ұлттық холдингтерде, ұлттық басқарушы холдингтерде, Заңның 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыларда міндетті аудит жүргізілген кезде ғана толтырады;

14, 15, 16, 17 және 18 бағандар – қаржылық ұйымдар мен "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудит жүргізілген кезде толтырылады.

Кәсіби аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның атауы _____

— Кәсіби аудиторлық ұйымның басшысы _____

— Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Міндетті аудитті жүргізетін
аудиторлық ұйымдардың
ең аз талаптарға сәйкестігі
туралы тоқсан сайынғы
есеп нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп

1. "Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп" нысаны "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың ең аз талаптарға сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есеп" нысаны кәсіби аудиторлық ұйымдармен тоқсан сайынғы негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда) ұсынылады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Аудиторлық ұйымның атауы" 2-бағанда міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйым құрамындағы аудиторлар саны" 4-бағанда міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйым құрамындағы аудиторлар саны көрсетіледі;

"Сыртқы сапаны бақылаудың нәтижесі бойынша қорытындының нөмірі және берілген күні, бағаны көрсете отырып" 5-бағанда міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйымдардың Сыртқы сапаны бақылаудың нәтижесі бойынша бағаны көрсете отырып қорытындының нөмірі және берілген күні көрсетіледі;

"Соңғы жылдар ішінде әкімшілік өндіріп алулар" 6-бағанда міндетті аудитті өткізетін аудиторлық ұйымдардың соңғы жылдар ішінде әкімшілік өндіріп алулар көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің нөмірі" 7-бағанда аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің нөмірі көрсетіледі;

"Бір ұйыммен аудитті жүзеге асырылған жағдайда ротациялау (иә/жоқ)" 8-бағанда растау ("иә") немесе растамау ("жоқ") көрсетіледі;

"Өткізілген міндетті аудиттердің саны" 9-бағанда аудиторлық ұйымдармен өткізілген міндетті аудиттердің саны көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі (кемінде 5 жыл)" 10-бағанда ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, Заңның 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын (бар болса) аудиторлық ұйым басшысының аудиторлық қызметпен айналысу мерзімі (кемінде 5 жыл) көрсетіледі;

"Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес аудит жүргізілген ұйымдардың саны (кемінде 10)" 11-бағанда ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, Заңның 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын (бар болса) ХҚЕС-ке сәйкес аудит жүргізілген ұйымдардың саны (кемінде 10) көрсетіледі;

"Кәсіби бухгалтер сертификаты бар мамандардың саны (кемінде 2)" 12-бағанда ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, Заңның 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын (бар болса) кәсіби бухгалтер сертификаты бар мамандардың саны (кемінде 2) көрсетіледі;

"Есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша міндетті жүргізілген аудит саны" 13-бағанда ұлттық компаниялардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы холдингтердің, Заңның 5-бабында көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын (бар болса), есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша міндетті жүргізілген аудит саны көрсетіледі;

"бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар топтың басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 14-бағанда қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар, немесе соңғы бес жылдың 3 (үш) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" деген біліктілік куәлігі бар топтың басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), "Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" біліктігі бар (кемінде 2 (екі) мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 15-бағанда қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын бухгалтерлік есеп және аудит саласында Certified Public Accountant (CPA), The Association of Chartered Certified Accountants (ACCA), The

Chartered Institute of Management Accountants (CIMA), The Institute of Chartered Accountants in England and Wales (ICAEW), "Certified Management Accountant (CMA), Certified Internal Auditor (CIA), Institute of Internal Auditors (IIA), Certified Financial Services Auditor (CFSA) бірінде толық біліктігі бар немесе соңғы бес жылдың 2 (екі) жыл ішінде тиісті ұйымдардың аудиті саласында жұмыс тәжірибесімен бірге "аудитор" біліктігі бар (кемінде 2 (екі) мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде аудиттелетін қаржы ұйымы алдында өтелмеген қарызы болмауы" 16-бағанда қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде аудиттелетін қаржы ұйымы алдында өтелмеген қарызы болмауы көрсетіледі;

"Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымының алдында банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит шарты бойынша берешегі жоқ аудитор және (немесе) топ басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" 17-бағанда қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын Заңға сәйкес аудит жүргізу және (немесе) басқа да қызметтер көрсету кезінде құрамында аудиттелетін қаржы ұйымының алдында банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит шарты бойынша берешегі жоқ аудитор және (немесе) топ басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

"Есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша міндетті жүргізілген аудит саны" 18-бағанда қаржылық ұйымдардың және "Қазақстан Даму Банкі" Акционерлік қоғамы міндетті аудитті өткізген жағдайда толтырылатын (бар болса) есеп кезеңінде ең аз талаптар бойынша міндетті жүргізілген аудит саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қаржы
министрінің
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 32 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
5-қосымша
Әкімшілік деректер
жинауға арналған нысан

Аудиторлық ұйым қызметтерінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есеп*
Есепті кезең 20__ жылғы _____ тоқсан

Индекс: № 4-А (Аудит) нысан Кімге ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Аудиторлық ұйымдар өз қызметі туралы

Кезеңділігі: Тоқсандық

Ұсыну мерзімі: Тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда)

Аудиторлық қызметті жүргізген жыл саны	
1) 1 жылдан аз	x
2) 1-2 жыл	x
3) 3-4 жыл	x
4) 5 және одан көп жыл	x
Үдемелі қорытындымен қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қатысқан қызметкерлер саны (бірлік), оның ішінде:	
1) "аудитор" біліктілік куәлігі бар (бірлік)	
2) "аудитор" біліктілік куәлігінсіз (бірлік)	
Үдемелі қорытындымен қызметтен түскен табыс, барлығы (мың тенге)	
Үдемелі қорытындымен жүргізілген қаржылық есептілік аудитінен түскен табыс, барлығы (мың тенге)	
Үдемелі қорытындымен клиенттер саны (бірлік)	
Үдемелі қорытындымен берілген қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептердің барлығы, оның ішінде:	
1) модификацияланбаған пікірмен	
2) модификацияланған пікірмен, оның ішінде:	
а) ескертпемен	
б) теріс пікірмен	
в) пікір білдіруден бас тарта отырып	
Үдемелі қорытындымен берілген өзге де қорытындылар, есептер және актілер барлығы, оның ішінде:	
арнайы мақсаттағы аудит бойынша	
тарту бойынша құқық қорғау органдары	
өзгелері (халықаралық аудит стандарттары және өз қызметінің бағдары бойынша)	

Ескертпе: *барлық жолақтар толтырылуға міндетті

Аудиторлық ұйымның бизнес – сәйкестендіру нөмірі _____

Аудиторлық ұйымның атауы _____

Аудиторлық ұйымның басшысы _____

Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Аудиторлық ұйым

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Аудиторлық ұйым қызметтерінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есеп

1. "Аудиторлық ұйым қызметтерінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есеп" нысаны "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Аудиторлық ұйым қызметтерінің негізгі көрсеткіштері бойынша тоқсан сайынғы есеп" нысаны аудиторлық ұйымдармен өз қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша тақсан сайынғы негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-і (қоса алғанда) ұсынылады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"Аудиторлық қызметті жүргізген жыл саны" 1-жолда аудиторлық қызметті жүргізген жыл саны көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қатысқан қызметкерлер саны (бірлік)" 2-жолда "аудитор" біліктілік куәлігі бар (бірлік) немесе "аудитор" біліктілік куәлігінсіз (бірлік) көрсете отырып қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қатысқан қызметкерлер саны үдемелі қорытындымен көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен қызметтен түскен табыс, барлығы (мың тенге)" 3-жолда қызметтен түскен табыс, барлығы (мың тенге) үдемелі қорытындымен көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен жүргізілген қаржылық есептілік аудитінен түскен табыс, барлығы (мың тенге)" 4- жолда жүргізілген қаржылық есептілік аудитінен түскен табыс , барлығы (мың тенге) үдемелі қорытындымен көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен клиенттер саны (бірлік)" 5-жолда клиенттер саны үдемелі қорытындымен көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен берілген қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептердің барлығы" 6-жолда модификацияланбаған пікірмен немесе модификацияланған пікірмен берілген қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептердің барлығы үдемелі қорытындымен көрсетіледі;

"Үдемелі қорытындымен берілген өзге де қорытындылар, есептер және актілер барлығы" 7-жолда арнайы мақсаттағы аудит және өзгелері бойынша берілген өзге де қорытындылар, есептер және актілер саны үдемелі қорытындымен көрсетіледі (халықаралық аудит стандарттары және өз қызметінің бағдары бойынша).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 19 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
6-қосымша
Әкімшілік деректер
жинауға арналған нысан

Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сыртқы сапаға бақылау жүргізген туралы тоқсан сайынғы есеп

Индекс: № 5-А (Аудит) нысан Кімге ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Кәсіби аудиторлық ұйымдар

Кезеңділігі: Тоқсандық

Ұсыну мерзімі: Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күні (қоса алғанда)

Жыл _____

Тоқсан _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Кәсіби аудиторлық ұйымның атауы _____

№ р/с	Сапаға сыртқы бақылау жүргізілген аудиторлық ұйымдар	Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Сапаға сыртқы бақылаудың алдыңғы күні	Қорытынды беру		Сапаға сыртқы бақылауды жүргізу нәтижесі (баға)	Анықталған бұзушылықтар (бар болса мәні бойынша және қысқаша көрсетілді)	Бұзушылықтардың жоюдың белгіленген мерзімі (бар болса)	Бұзушылықтардың жоюдың орындалуы туралы ақпарат (бар болса)	Қорытындыға шағымдану күні (бар болса)
				Нөмірі	Күні					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Кәсіби аудиторлық ұйымның басшысы _____

Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сыртқы сапаға

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме, әкімшілік деректерді жинауға арналған Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сыртқы сапаға бақылау жүргізген туралы тоқсан сайынғы есеп

1. "Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сыртқы сапаға бақылау жүргізген туралы тоқсан сайынғы есеп" нысаны "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 2-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Кәсіби аудиторлық ұйымның аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің сапаға сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сыртқы сапаға бақылау жүргізген туралы тоқсан сайынғы есеп" нысанын кәсіби аудиторлық ұйымдар тоқсан сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күні (қоса алғанда) ұсынады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Сапаға сыртқы бақылау жүргізілген аудиторлық ұйымдар" 2-бағанда сапаға сыртқы бақылау жүргізілген аудиторлық ұйымдар көрсетіледі;

"Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Сапаға сыртқы бақылау жүргізудің алдыңғы күні" 4-бағанда сапаға сыртқы бақылау жүргізудің алдыңғы күні көрсетіледі;

"Нөмірі" 5-бағанда сапаны сыртқы бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытындының нөмірі көрсетіледі;

"Күні" 6-бағанда сапаны сыртқы бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытындының күні көрсетіледі;

"Сапаға сыртқы бақылауды жүргізу нәтижесі (бағалау)" 7-бағанда сапаға сыртқы бақылауды жүргізу нәтижесі (баға) көрсетіледі;

"Анықталған бұзушылықтар (бар болса мәні бойынша және қысқаша көрсетіледі)" 8-бағанда анықталған бұзушылықтар көрсетіледі (бар болса мәні бойынша және қысқаша көрсетіледі);

"Бұзушылықтарды жоюдың белгіленген мерзімі (бар болса)" 9-бағанда бұзушылықтарды жоюдың белгіленген мерзімі (бар болса) көрсетіледі;

"Бұзушылықтарды жоюдың орындалуы туралы ақпарат (болған жағдайда)" 10-бағанда бұзушылықтарды жоюдың орындалуы туралы ақпарат (бар болса) көрсетіледі;
 "Қорытындыға шағымдану күні (бар болса)" 11-бағанда қорытындыға шағымдану күні (бар болса) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 орынбасары – Қаржы
 министрінің
 2023 жылғы 17 қаңтардағы
 № 32 бұйрығына
 7-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2017 жылғы 19 қаңтардағы
 № 34 бұйрығына
 7-қосымша
 Әкімшілік деректер
 жинауға арналған нысан

Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есеп

Индекс: № 6-А (Аудит) Нысан

Кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Ұсынады: Аудиторлық ұйымдар

Кезеңділігі: Жылдық

Ұсыну мерзімі: есепті Жыл сайын кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда)

Жыл _____

Аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Аудиторлық ұйымның атауы _____

Лицензия туралы ақпарат			Заңды мекенжайы, телефоны		Іс жүзіндегі мекенжайы, телефоны		Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама		
серия	нөмірі	берілген күні	өңір	толық мекенжайы, телефоны	өңір	толық мекенжайы, телефоны	сериясы	нөмірі	берілген күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ұйымның басшысы

Ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі	
Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	

"Аудитор" біліктік куәлігінің берілген нөмірі	
"Аудитор" біліктік куәлігінің берілген күні	
Бұрын өзі басқарған аудиторлық ұйымда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиядан айыру туралы мәліметтер	

Қызмет түрлерін жүзеге асырғаны туралы ақпарат

№ р/с	Атауы
1	2

Аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзушылықтарға байланысты әкімшілік жазалардың болуы

№ р/с	әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы күні	әкімшілік бұзушылық кодексі бойынша бап	құқық туралы	әкімшілік жаза қолданған орган
1	2	3		4

Аудиторларға (немесе) және шетелдік аудиторлық ұйымдарға тиесілі аудиторлық ұйымның жарғылық капиталындағы үлес

№ р/с	Қатысушы болып табылатын аудиторлар немесе шетелдік аудиторлық ұйымдар			Жарғылық капиталдағы үлес мөлшері (пайызда)
	атауы	аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі	орналасқан жері	
1	2	3	4	5

Есепті кезеңде құрылтайшы құжаттарда өзгерістердің болуы (бар болса толтырылады)

Құрылтайшылардың құрамындағы өзгерістер		Қызмет түрлерін өзгерту	
өзгеріс енгізу күні	енгізілген өзгерістер	өзгеріс енгізу күні	енгізілген өзгерістер
1	2	3	4

Аудиторлық ұйымның сандық құрамы

Қызметкерлердің жалпы саны		Оның ішінде, штатта тұрмайтындар	
алдындағы кезеңде	есепті кезеңде	алдындағы кезеңде	есепті кезеңде
1	2	3	4

Ұйымда жұмыс істейтін аудиторлар және ұйымда жұмыс істейтін аудиторлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

№ р/с	Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі	"Аудитор" біліктілік куәлігінің берілуі		Жалпы жұмыс өтілі, оның ішінде мынадай салаларда:		Аудитордың қабылданған күні	Аудитордың жұмыстан босатылған күні	Біліктілікті жоғарылату туралы мәліметтер		
			нөмірі	күні	аудит	өзге			белгі (ия/жоқ)	күні (бастап/дейін)	орны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Кәсіби аудиторлық ұйымдағы мүшелік

№ р/с	Атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Кіру (қайта кіру) күні	Шығу күні
1	2	3	4	5

Аудиторлық ұйымның филиалдары туралы деректер

№ р/с	Филиалдың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Филиалдың атауы	Филиалдың орналасқан орны	Басшының жеке сәйкестендіру нөмірі	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	"Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі	"Аудитор" біліктілік куәлігінің берілу күні	Филиалды есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Аудиторлық ұйымның басшысы _____

Қолы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы тоқсан сайынғы есебі нысанға қосымша

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме, әкімшілік деректерді жинауға арналған Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есебі

1. "Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есебі" нысаны "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабы 2-тармағының 8-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. "Аудиторлық ұйымның аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы есебі" нысанын аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы жыл сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызы (қоса алғанда) ұсынады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"Серия" 1-бағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның сериясы көрсетіледі;

"Нөмірі" 2-бағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның нөмірі көрсетіледі;

"Берілген күні" 3-бағанда лицензияның берілген күні көрсетіледі;

"Өңір" 4-бағанда заңды мекенжайының өңірі көрсетіледі;

"Толық мекенжайы, телефоны" 5-бағанда толық заңды мекен-жайы, телефоны көрсетіледі.

"Өңір" 6-бағанда іс жүзіндегі мекенжайының өңірі көрсетіледі;

"Толық мекенжайы, телефон" 7-бағанда іс жүзіндегі толық мекенжайы, телефоны көрсетіледі;

"Сериясы" 8-бағанда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтаманың сериясы көрсетіледі;

"Нөмірі" 9-бағанда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама нөмірі көрсетіледі.

"Берілген күні" 10-бағанда бағанда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама берілген күні көрсетіледі.

"Ұйымның басшысы" кесте үшін:

"Ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі" жолында ұйым басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)" деген жолда ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігін беру нөмірі" деген жолда аудитордың біліктілік куәлігін беру нөмірі көрсетіледі;

"Аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні" деген жолда аудитордың біліктілік куәлігінің берілген күні көрсетіледі;

"Бұрын өзі басқарған аудиторлық ұйымда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиядан айыру туралы мәліметтер" деген жолда бұрын өзі басқарған аудиторлық ұйымда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиядан айыру туралы мәліметтер көрсетіледі.

"Қызмет түрлерін жүзеге асырғаны туралы ақпарат" кестесі үшін:

"№ р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Атауы" 2-бағанда қызмет түрлерінің атауы көрсетіледі.

"Аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзушылықтарға байланысты әкімшілік жазалардың болуы" кестесі үшін:

"№ р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы күні" 2-бағанда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының күні көрсетіледі;

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша бап" 3-бағанда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша бабы көрсетіледі;

"Әкімшілік жаза қолданған орган" 4-бағанда әкімшілік жаза қолданған орган көрсетіледі;

"Аудиторларға (немесе) және шетелдік аудиторлық ұйымдарға тиесілі аудиторлық ұйымның жарғылық капиталындағы үлес" кестесі үшін:

"№р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Атауы" 2-бағанда қатысушы болып табылатын аудиторлар немесе шетелдік аудиторлық ұйымдардың атауы көрсетіледі;

"Аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

"Орналасқан жері" 4-бағанда қатысушы болып табылатын аудиторлар немесе шетелдік аудиторлық ұйымдардың орналасқан жері көрсетіледі;

"Жарғылық капиталдағы үлес мөлшері (пайызда)" 5-бағанда жарғылық капиталдағы үлес мөлшері (пайызда) көрсетіледі;

"Есепті кезеңде құрылтайшы құжаттарда өзгерістердің болуы (бар болса толтырылады)" кестесі үшін:

"Құрылтайшылар құрамындағы өзгерістер" деген бағанда құрылтайшылар құрамындағы өзгерістер көрсетіледі

"Өзгеріс енгізу күні" 1-бағанда құрылтайшылардың құрамындағы өзгеріс енгізу күні көрсетіледі;

"Енгізілген өзгерістер" 2-бағанда құрылтайшылардың құрамындағы енгізілген өзгерістер көрсетіледі;

"Өзгеріс енгізу күні" 3-бағанда қызмет түрлеріне өзгеріс енгізу күні көрсетіледі.

"Енгізілген өзгерістер" 4-бағанда қызмет түрлеріне енгізілген өзгерістер көрсетіледі

"Аудиторлық ұйымның сандық құрамы" кесте үшін:

"Алдындағы кезеңде" 1-бағанда өткен кезең үшін қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі.

"Есепті кезеңде" 2-бағанда есепті кезең үшін қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі.

"Алдындағы кезеңде" 3-бағанда қызметкерлердің саны, оның ішінде алдындағы кезеңде штатта тұрмайтын қызметкерлер саны көрсетіледі.

"Есепті кезеңде" 4-бағанда қызметкерлердің саны, оның ішінде есепті кезең үшін штатта тұрмайтын қызметкерлер саны көрсетіледі.

"Ұйымда жұмыс істейтін аудиторлар және ұйымда жұмыс істейтін аудиторлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтер" кесте үшін:

"№р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;

"Аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)" 2-бағанда аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

- "Аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда аудитордың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- "Нөмірі" 4-бағанда "аудитор" біліктілік куәлігіне берілген нөмірі көрсетіледі;
- "Күні" 5-бағанда "аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні көрсетіледі;
- "Аудит" 6-бағанда аудиттегі жалпы жұмыс өтілі көрсетіледі;
- "Өзге" 7-бағанда өзге саладағы жалпы жұмыс өтілі көрсетіледі;
- "Аудитордың қабылданған күні" 8-бағанда аудитордың жұмысқа қабылданған күні көрсетіледі;
- "Аудитордың жұмыстан босатылған күні" 9-бағанда аудитордың жұмыстан босатылған күні көрсетіледі;
- "Белгі (иә/жоқ)" 10-бағанда аудитордың біліктілігін арттыру белгісі (иә/жоқ) көрсетіледі;
- "Күні (бастап/дейін)" 11-бағанда аудитордың біліктілігін арттыру күні (бастап/дейін) көрсетіледі;
- "Орын" 12-бағанда аудитордың біліктілігін арттыру орны көрсетіледі;
- "Кәсіби аудиторлық ұйымдағы мүшелік" кесте үшін:
- "№р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;
- "Атауы" 2-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның атауы көрсетіледі;
- "Бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 3-бағанда кәсіби аудиторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- "Кіру (қайта кіру) күні" 4-бағанда аудиторлық ұйымның кәсіби аудиторлық ұйымға мүшелікке кіру (қайта кіру) күні көрсетіледі;
- "Шығу күні" 5-бағанда аудиторлық ұйымның мүшеліктен шыққан күні көрсетіледі.
- "Аудиторлық ұйымның филиалдары туралы деректер" кестесі үшін:
- "№р/с" 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Одан кейінгі ақпарат рет бойынша нөмірлеуді үзбейді;
- "Филиалдың бизнес-сәйкестендіру нөмірі" 2-бағанда аудиторлық ұйым филиалының бизнес-сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда көрсетіледі;
- "Филиалдың атауы" 3-бағанда филиалдың атауы көрсетіледі;
- "Филиалдың орналасқан орны" 4-бағанда филиалдың орналасқан жері көрсетіледі;
- "Басшының жеке сәйкестендіру нөмірі" 5-бағанда басшының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- "Басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)" 6-бағанда басшының тегі, аты , әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;
- "Аудитор" біліктілік куәлігінің нөмірі" 7-бағанда аудитор біліктілік куәлігінің нөмірі көрсетіледі;
- "Аудитор" біліктілік куәлігінің берілген күні" 8-бағанда филиал басшысының " аудитор" біліктілік куәлігінің берілу күні көрсетіледі;

"Филиалды есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі" 9-бағанда филиалды есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ